Келісемін:
Қобда аудандық білім бөлімі
жанындағы әдістемелік кабинет
меңгерушісі: А.О.Айсина

Бекітемін:
«Айголек» бөбекжай- бақшасының
директоры: Утепова Ж.Т.

БАҒДАРЛАМА

«Сиқырлы ермексаз»

Шығармашылық білім беру саласы

Ортаңғы топ

Құрастырғандар: Бектурлина Д.Қ.

Жотаева Н.Т.

2021-2022 оқу жылы.

Түсінік хат

Мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс жасайтын тәрбиешілердің негізгі мақсаттарының бірі - балаларды жан- жақты дамыту және мектептің бастапқы буынына көшірудеғ жоспарлы түрде біртұтас жүйелі жұмыс жүргізу екенін білеміз. Ұсынылып отырған бағдарламада мектеп жасына дейінгі балаларды көркем сөзді түсіне білуге үйрету, ой қиялын дамыту, саусақ бұлшықеттері мен ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылыққа тәрбиелеу мақсаты көзделіп отыр. Бүгінгі техника қарыштап дамып отырған заманда мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеуде неғұрлым ұтымды түрде сөйлеу машығын игерту, көркем шығарманы тыңдай білуге дағдыландыру, балаларды өз қолдарымен бірнәрсе жасай білуге, еңбектенуге баулу, беріліп отырған бағдарламадағы ермексаздың өзін пайдалана отырып өзіне алданыш ермек табу, ой-қиялын дамытуға итермелеу жетіспейді. Сондықтан бағдарламада тәрбиеміздің осы бір кемшін тұстарын толтыру, көркем әдеби шығармаларды қызығушылықпен тыңдай білу, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ақпардың мінез құлқына баға беру арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту, достаса білуге, ұйымшыл болуға тәрбиелеу, ұйымдаса отырып еңбектенуге, шығармашылдыққа, төзімділікке, ептілікке, ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа үйрету мақсаты көзделіп отыр.

Сонымен бірге балаларды өз істерін жоспарлауға,өз бетінше шешім қабылдауға тәрбиелеу, бастаған ісін аяғына жеткізіп істеуге және қосымша әшекейлеп, безендіруге, композиция құруға үйрету, ұқыптылыққпен, мақсаткерлікті тәрбиелеу, жасалған жұмыстарына қанағаттануға жағымды эмоцияларға тәрбиелеу мақсаттары да қарастырылған.

*Бағдарлама **принциптері**.*

«Сиқырлы ермексаз» бағдарламасының негізгі мақсаты болып – балалардың коркем сөзді түсіне отырып қабылдауына тәрбиелеу, шығармашылққа тәрбиелеу, қолдың ұсақ қимылын, коз молшерінің дәлдігіне , шыдамдылық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу болып табылады. Сонымен бірге халық қол өнер шеберлігінің жұмыстарын құрметтеп қарау, ой- қиялдарын дамыту, эстетикалық тұрғыдан талғампаз болуға тәрбиелеу, мүсіндеуге, саз балшықпен жұмысқа ынталандыру принциптерін де алдына қояды.

Программалық мақсатты мен міндеттері:

1. *Көркем шығарманы тыңдай білуге үйрету. Тыңдай отырып жұмыс жасайға дағдыландыру. Саусақ бұлшық еттерінің дамуына жағдай жасау. Домалақ және сопақша пішінді заттарды, бейнелейтін заттардың өзіндік сипатын бере отырып мүсіндеуді үйрету. Әртүрлі пішінді заттарды жасай білу әдістерін білуге дағдыландыру.*

2. *Заттардың пішіндерін бере білуді геометриялық өрнектермен, нүктелермен, сызықтармен безендіре білуді үйрету. Қимылдауды , ырғақты сезінуді дамыту.*

3. *Қолдың ұсақ қимылын, көз мөлшерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу, ыждағатылыққа тәрбиелеу.*

Жыл аяғында бала нені білуі тиіс:

1. *Шығармашылықтан есу, жаймалау, жапсыштау және соғу тәсілдерін жетік біледі.*

2. *Ұжымдық жұмыстар жасауды, жасалған жұмысқа қанағаттана біледі, өз жолдастарына көмек беруге ықыласты болады.*

3. *Қолдың ұсақ қимылын, көз мөлшерін дамытудың нәтижесіне жетеді. Халық қол өнер шеберлігінің жұмыстарын құрметтеп қарап, қорғап, сақтауды үйренеді.*

4. *Заттардың пішіндерін бере білуді геометриялық өрнектермен, нүктелермен, сызықтармен безендіре білуді үйренеді. Қимылдауды , ырғақты сезінуді толық меңгереді.*

5. *Бейнеленген нысанға көбірек үқсатудың нәтижесіне жетеді.*

6. *Өз жұмыстарын басқалармен салыстыра, бағалай білуді меңгереді.*

ПІКІР.

Бағдарлама мектеп жасына дейінгі орта топ балаларының негізгі бағдарламадағы «Мүсіндеу» және «Көркем әдебиет» ұйымдастырылған оқу әрекетіне қосымша ретінде қарастырылып отыр. Алынған тақырыптар негізгі бағдарламаларды толықтырып отырады. Қазақстан балалар жазушылары шығармалары , өлеңдері мен ертегілері көптеп алынған. Жұмыс жасау барысында балардың берілген тақпақтарды жаттай отырып, мүсінге сол қимылды, не бейнені бере білуге тырысуына көңіл бөлінеді.

Бағдарламада көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі сонда қазіргі заман балаларының телевизор мен компьютерге үйренгендігі сол, яғни кез келген ақпаратты көре отырып қабылдауға дағдыланған, ал мұнда баланың құлағымен тыңдай отырып, нәтиже шығаруына көңіл бөлінеді.

Ұсынылып отырған бағдарламада мектеп жасына дейінгі балаларды көркем шығарманы тыңдай білу, тыңдай отырып жұмыс жасайға дағдыландыру, саусақ бұлшық еттерінің дамуына жағдай жасау, әртүрлі пішінді заттарды, бейнелейтін заттардың өзіндік сипатын бере отырып мүсіндеуді үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылыққа тәрбиелеу мақсаты көзделген.

Бағдарламаға оқу әрекетінің «Шығармашылық» саласынан аптасына – 1 сағат уақыт бөлінген. Бағдарламамен жұмыс жасауға болады. Жұмыс жасау барысында ата-анамен жұмысты қамтамасыз етуге мүмкіндік мол.

Пікір жазған: Ширманова Лаура Амангельдиевна
МККК «Қаусар»бөбекжайының директоры.

Жоспары

Айы	№	Тақырыбы	Сағат саны
Қыркүйек	1	Ала қарбыз.	1
	2	Құламайтын қуыршақ.	1
	3	« Шалқан » - ертегісі (ұжымдық жұмыс).	1
	4	Жемістер жыры.	1
Қазан	5	Жапырақтар.	1
	6	Қияр мен қырыққабат.	1
	7	Саңырауқұлақтың достары (ұжымдық жұмыс).	1
	8	Емен мен алма ағашы.	1
Қараша	9	Кемпірқосақ.	1
	10	« Бауырсақ » – қалай қашып құтылды ?	1
	11	(ұжымдық жұмыс)	1
	12	Не дәмді ?	1
Желтоқсан	13	Шыршаны безендіру (ұжымдық жұмыс).	1
	14	Сылдырмақ.	1
	15	Қонжық.	1
	16	Түлкі мен қоян.	1
Қаңтар	17	Мерекелік үстел (ұжымдық жұмыс).	1
	18	Суретші.	1
	19	Озбыр кірпі.	1
	20	Қаршақыз	1
Ақпан	21	Әнші төлдер (ұжымдық жұмыс).	1
	22	Ақ лақ.	1
	23	Қуыршақ.	1
	24	Тәтті тағам	1
Наурыз	25	Торсықтың бөлмесі (ұжымдық жұмыс)	1
	26	Домбыра.	1
	27	Балапан.	1
	28	Ас үй жиһазы (ұжымдық жұмыс)	1
Сәуір	29	Аспаз.	1
	30	Апорт алмасы	1
	31	Дос болайық.	1
	32	Қызғалдақ.	1
Мамыр	33	Көбелек.	1
	34	Сайқымазақ.	1
	35	Кішкентай кеме.	1
	36	Мадақтау.	1
		Біздің шеберханада	
		Барлығы	36

«Сиқырлы ермексаз» бағдарламасының перспективті жұмыс жоспары.

Айы		Тақырыбы	Мазмұны	Қолданылатын әдіс -тәсілдер	Басқа сабақтармен байланысы
Қыркүйек	1	«Ала қарбыз »	Күзде өсетін жеміс - жидектерді айтып еске түсіру. Жұмбақ жасыру арқылы ойлау қабілетін дамыту, саусақ бұлшық еттерін дамыту.	Дөңгелек және сопақ пішінді заттарды, мүсіндеуді үйрету. Қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Сергіту сәті: « Он саусақ»	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	2	« Құламайтын құршақ »	Екі жемісті біріктіру арқылы , құламайтын қуыршақ жасауды үйрету. Ұжым болып өз ара келісіп ,ой – қиялдарын мүсіндеп көрсету.	Сабақ барысында үйренген дөңгелек және сопақша пішінді заттарды толықтыру.Елестетуді, қолдың ұсақ қимылдарын дамыту.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	3	« Шалқан » - ертегісі.	Балалардың өздері білетін , «Шалқан» - ертегісін естеріне түсіріп. Ертегідегі кейіпкерлердің суретінен қарап, өз таңдаулары бойынша, өзара келісіп, ұжым болып мүсіндейді.	Ермексаздың керекті түстерін алып, бөлшектерді керек бөлікке бөлеміз: бас, мойын, қол,желетке, белдемше, шалбар, етік. Көлемін қалыптаймыз да, қимылға сәйкес біріктіреміз.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	4	«Жеміс тер жары »	Жемістердің әртүрлі формаларын еске түсіру, түстерді ажырата білуін бекіту, мүсіндей білу әдістерін үйрету.	Бүтін кесектен созғылау жолымен, пішіні күрделі заттарды бейнелеуді үйренеді. Ыждағаттылыққа тәрбиелеу. Қалаулары бойынша жемістері мүсіндеп,оларды тірілту.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
Қазан	5	«Жапырақтар»	Жыл мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту, табиғаттағы өзгерістерге көңіл аударту, саусақ бұлшық еттерін дамыту арқылы берілген бейнені мүсіндей білуге үйрету.	Қоңыр түсті картонның үстіне, созып жағу тәсілі арқылы сары, қызғылт сары түсті ермексазды пайдаланып жапырақтарды бейнелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет

	6	« Қияр мен қырыққабат »	« Қияр мен қырыққабат » - ертегісі оқылады. Балалар ертегіден, қиярдың қабығындағы бүршіктердің қалай пайда болғанын, қырыққабаттың не себепті ұзақ шешігенін білді. Өз таңдаулары бойынша мүсіндейді.	Ермексаздың керекті түсін алып, алқанымыздың арасына салып, сопиған қияр мүсіндеп оны шымшып бүршіктеп қоямыз.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	7	Саңырауқұлақтың достары	Сабақ барысында жасалған саңырауқұлаққа, қосымша басқа түрлерін мүсіндеу: «Саңырауқұлақ жалғызсырамасын» - деп достарын мүсіндеу . Ұжым болып мүсіндеу. Жан бітіру, саңырауқұлақтар әлемін, қиялдап жасау.	Саңырауқұлақтарды құрастыру тәсілдерімен мүсіндеуді үйрету. Ұжымдық жұмыстар жасауды үйрету. Өз жолдастарына көмек беруге, ықыласты болуға тәрбиелеу. Ширатып есу, жалпайтып жазу тәсілдерімен мүсіндеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	8	Емен мен алма ағашы	Емен мен алма ағашы туралы әңгіме оқылады. Емен жалғызсырамасын деп алма ағашын мүсіндеу ұсынылады. Балалар ұжым болып жұмыс жасауға талпынады.	Сопақ пішінді заттарды шығыршықтап илей білуді бекіту. Емен мен алма ағашының үлгісі.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
Қараша	9	«Кемпір қосақ »	Түстер туралы түсініктерін бекіту, табиғат ғажайыптарына көңіл бөлу, созып, жапсыру тәсілдерін үйрету.	Ермексаздың керек түстерін алып, көк түсті картонға шығыршықтап илеп, созып, жағу, жапсыру тәсілдерімен орындалады.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Коркем әдебиет
	10	Бауырсақтан қашып құтылды?	Балаларға «Бауырсақ» – ертегісі оқылады. Балалар өз таңдаулары бойынша кейіпкерлерді мүсіндейді.	Ертегілер кейіпкерлерінің суреттері, тәрбиеші-нің үлгісі. Илеп , есу, созу тәсілдері. Бауырсақка , басқа кейіпкерлерге көзін, аузын, мұрынын, құлағын жасап жан бітіру. Бауырсақ ертегісіне композиция жасау. Ұжымдық жұмыс.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет

	11	«Не дәмді?»	«Не дәмді?» ертегісі оқылады. Құстар мен хайуанаттар қандай тамақ дәмді екенін талқылапты,әр қайсысы өзінің сүйікті тағамдарын айтыпты. Сабақ барысында жасалған тәрелкелер ертегіде айтылған тағамдарды мүсіндеу ұсынылады. Өз таңдаулары бойынша мүсіндейді.	Мүсіндеудің бұдан бұрын бекітілген: Шиыршықтап есу , жаймалау, жаныштау және созу тәсілдерін жетілдіру . Эстетикалық талғамды тәрбиелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	12	Шыршаны безендіру	«Жаңа жыл келеді». өлеңі оқылады, жатталады.Жаңа жыл мерекесінің ең маңызды әшекейі не екенін сұрап, сол шыршаны мүсіндеп безендіруді ұсынады.	Шыршаны мүсіндеуді, оны безендіруді үйрету. Қиялдауды ырғақты сезінуді дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
Желтоқсан	13	Сылдырмақ	Ойыншықтар түрлерін көрсету, көркем сөзді түсіне білуге үйрету, өлең жолдарын қайталай отырып сылдырмақты мүсіндеуді үйрету.	Домалақтау және жалпайту,созу әдістерін пайдалана отырып мүсіндеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	14	Конжық .	«Конжық» – өлең жолдары жатталады, көркем сөзді түсіне білуге үйрету, өлең мазмұнын түсіне, көз алдына елестете отырып мүсіндей білуге баулау.	Ермексазды қажетті түрлі бөлшектерге бөлеміз. Тамшы тәрізді үлкен бөлшектен – дене кішкентай тамшы бөліктерден аяқ – қол жасаймыз. Дөңгелек – бас, жалпайтылған 2 дөңгелек – құлақтары.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	15	Түлкі мен қоян.	«Түлкі мен қоян»-ертегісі оқылады.Неге түлкінің құйрығының ұзын ал қоянның құйрығы қысқа екенін білді.	Қоян мен түлкіні құрастырмалы тәсілмен мүсіндеуді үйрету. Көз мөлшерін , қолдың ұсақ қимылын дамыту. Мүсіндеудің бұрын бекітілген әдістерін дамыту. Мүсіндеуге ынталықтарын дамыту.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет

	16	Мерекелік үстел	Жаңа жыл мерекесіне арнап мерекелік үстел дайынау ұсынылады. Балалар торт, тоқаш, бауырсақ, кәмпитті мүсіндеп тәрелкеге салу. Үстел және отыратын орындықтар мүсінделеді.	Ойық тоқаштарды мүсіндеуді үйрету. Жаймалау тәсілдері арқылы торт мүсіндеу, сопақша, дөңгелету тәсілдері арқылы : кәмпит, бауырсақ мүсіндеу. Ұжым болып өз ара келісіп жұмыс істеуге үйрету.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
Қаңтар	17	Суреттің	Шеберін – ай аяздың, Әйнектерді қағаз қып Әшекейлеп қойыпты, Бірнеше ою ойыпты.	Қара түсті картонға, ақ түсті ермексазбен ою жабыстыру. Сипап созу тәсілі арқылы, сызықтармен , нүктелермен безендіру.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	18	Өзбырқірпі.	«Өзбыр кірпі» - әңгімесін оқып беріп. Кірпінің тышқанды үйінен қалай қуып шыққанын біледі.	Ермексазды түсіне қарай таңдап алып, керек бөлшектерге бөліп , домалақ пішінді мүсіндеуді, кейіпкердің көңіл күйін бере отырып, ұсақ бөлшектермен толықтыруды үйрету.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	19	Қаршақ ыз	Қысым –ақ, қысым – ақ, Жібердің қысып ақ Қалмаспыз біз деген Боранға ұшырап Аппақ қар жауа бер, Риза ғой саған ел Боратты ау, боранын, Қайратын көре ғой. Біз батыл баламыз, Жылы үй қорамыз. Ал ұлпа қарыңнан Аққала саламыз.	Аққаланы құрамдастыру тәсілімен мүсіндетуді үйрету. Шиыршықтап есу және жабыстыру әдістерін жетілдіру. Көз мөлшерін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Аққалалар отбасын мүсіндеу. Композиция құру. Ұжымдық жұмысқа тәрбиелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	20	Әлші тәлдер	Түйе- малдың үлкені, Жылқы- малдың үркегі. Сиыр малдың сүттісі. Қой – түліктің құттысы.	Жануарлардың өзіне тән ерекшеліктерін бере отырып, бейнені түрлі материалмен толықтыру арқылы, төрт түлікті мүсіндеуді үйрету. Қиялдауды дамыту. Мақсаткерлікке тәрбиелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	21	Ақ лақ.	Лағым – ау лағым, Селтендейді құлағың. Тынымтаппай кезесің, Көлдің жасыл құрағын. Түсіп кетсең қалыңға, Енеңде жоқ жаныңда. Адасып сен кеткрсің, Бол өзімнің жанында.	Жануардың өзіне тән ерекшеліктерін бере отырып, бейнені түрлі материалмен толықтыру арқылы, лақты мүсіндеуді үйрету. Қиялдауды дамыту. Мақсаткерлікке тәрбиелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет

22	Құыршақ	Анам маған дүкеннен Бір құыршақ әкелді Ерегіспес үлкенмен, Мазақтамас бопемді. Ойнатамын оны мен, Жылатпаймын түртіп те. Ең жақсысы, менімен Таласпайды кәмпитке.	Ермексаздың керек түстерін алып, бөлшектердің санына қарай болеміз: бас, мойын, қол, көйлек, аяқ, желетке. Бастаған ісін аяғына жеткізуге тәрбиелеу. Эстетикалық талғамды тәрбиелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
23	Ғажап тағам	Мүсіндеу сабағының барысында мүсіндеген тортқа қосымша тоқаш,кәмпит тағамдарын үйрету. Балалар өз қалаулары бойынша таңдау жасап , өз ара келісіп ұжым болып жұыстарын аяғына жеткізу.	Балаларды қиялдауға,өз жұмысын жоспарлауға және бастаған ісін аяғына жеткізуге үйрету. Эстетикалық талғамды тәрбиелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
24	Торсық тың бөлмесі	Торсыққа болме жиһаздарын мүсіндеп беруге ұсынылады. Балалар өз ара келісіп болме жиһаздарын мүсіндейді.	Дайын пішіндерді халық оюөрнегегі элементерінен Безендіруді үйренеді.Қолдың ұсақ қимылын, көз мөлшерін дамыту.Халық қолөнершеберлерінің жұмыстарына құрметтеп қарауға тәрбиелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
25	Домбыра	Домбырадай мұраны, Қастерлеуге тұрады. Сонда жатыр даламның Үні менен ұраны.	Заттардың пішіндерін бере білуді, геометриялық өрнектермен: нүктелермен, сызықтар-мен безендіруді үйрету.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
26	Балапан	Үзім нан тауып, Балапан қашты. Басқаға қимай, Өлердей састы. Зәресі ұшты, Өлекке түсті.	Ермексазды бөлшектердің санына қарай бөлеміз. Әр түрлі көлемдегі конустар жасаймыз. Бөлшектерді фигураның қозғалысына қарай майыстырамыз да, біріктіреміз.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
27	Ас үй жиһазы	Балалар болме жиһаздарын мүсіндеу тәсілін білгендіктен ас үй жиһаздарын мүсіндеуге қиындыққа соқпайды. Балалар ой қиалдарын қосып,өз ойындағы бейнені жеткізе білуді үйрету.	Есу және жалпақтау тәсілдерін бекіту.Ыждағаттылыққа , елестетуді және шығармашылық әлеуметті дамыту.	Қоршаған орта

Қыркүйек

	Күзгі қ	Апам маған дүкеннен Бір құйршақ әкелді. Ерегіспес үлкенмен, Мазақтамас бөпемді. Ойнатамын оны мен, Жылатпаймын түртіп те. Ең жақсысы, менімен Таласпайды кәмпитке.	Ермексаздың керек түстерін алып, бөшектердің санына қарай бөлеміз: бас, мойын, қол, көйлек, аяқ, желетке. Бастаған ісін аяғына жеткізуге тәрбиелеу. Эстетикалық талғамды тәрбиелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
23	Тәтті тағам	Мүсіндеу сабағының барысында мүсіндеген тортқа қосымша тоқаш,кәмпит тағамдарын үйрету. Балалар өз қалаулары бойынша таңдау жасап , өз ара келісіп ұжым болып жұыстарын аяғына жеткізу.	Балаларды қиялдауға,өз жұмысын жоспарлауға және бастаған ісін аяғына жеткізуге үйрету. Эстетикалық талғамды тәрбиелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
24	Торсық тың бөлмесі	Торсыққа бөлме жиһаздарын мүсіндеп беруге ұсынылады. Балалар өз ара келісіп бөлме жиһаздарын мүсіндейді.	Дайын пішіндерді халық ою-өрнегегі элементерінен Безендіруді үйренеді.Қолдың ұсақ қимылын, көз мөлшерін дамыту.Халық қолөнер-шеберлерінің жұмыстарына құрметтеп қарауға тәрбиелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
25	Домбыр а	Домбырадай мұраны, Қастерлеуге тұрады. Сонда жатыр даламның Үні менен ұраны.	Заттардың пішіндерін бере білуді, геометриялық өрнектермен: нүктелермен, сызықтар-мен безендіруді үйрету.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
26	Балапан.	Үзім нан тауып, Балапан қашты. Басқаға қимай, Өлердей састы. Зәресі ұшты, Әлекке түсті.	Ермексазды бөлшектердің санына қарай бөлеміз. Әр түрлі көлемдегі конустар жасаймыз. Бөлшектерді фигураның қозғалысына қарай майыстырамыз да, біріктіреміз.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
27	Ас үй жиһазы	Балалар бөлме жиһаздарын мүсіндеу тәсілін білгендіктен ас үй жиһаздарын мүсіндеуге қиындыққа соқпайды. Балалар ой қиалдарын қосып,өз ойындағы бейнені жеткізе білуді үйрету.	Есу және жалпақтау тәсілдерін бекіту. Ыждағаттылыққа , елестетуді және шығар-машылық әлеуметті дамыту.	Қоршаған орта

Наурыз

	28	Асхана.	Біздің гүл бақшада, Бар әсем асхана. Бар онда аспазшы Ақ көңіл жақсы апа. Әлде май, қаймақ па? Палау ма, сорпа ма? Тәп – тәтті тағамы, Апай – ас маманы.	Қолдың ұсақ қимылын, көз мөлшерін дамыту. Эстетикалық талғамды тәрбиелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
Сәуір	29	Апорт алмасы	Бақ ішінде алмалар, Бар жемістен бағалы. Көрген адам таңданар, Көздің жауын алады.	Ермексаздың қажетті түсін аламыз да, бөлшектердің санына қарай бөлеміз. Доңгелетіп шеу, жалпайту, жабыстыру әдістерін пайдаланып апорт алмасын мүсіндейміз.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	30	Дос болайық	Ұлуға балалар өз таңдауларымен дос мүсіндеуге ұсыныс жасалды.Мысалы: бақа,тасбақа т.б.	Ермексаз жолағын спираль бойынша айналдыра бүктеу жолымен жасалады.Қолың ұсақ қимылын дамыту.Бейнеленген нысанға көбірек ұқсатуға тырысуды үйрету.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	31	Қызғалдақ.	Жомарт мынау табиғат, Өсіргендей бізге арнап. Қып- қызыл боп жалындап, Қырға өседі қызғалдақ.	Ермексазды бөлшектердің санына қарай бөлеміз. Үлкенін жалпақтаймыз, бұл фон болады. Ал қалған бөліктерден қажетті түстен сабағы мен жапырақтарын мүсіндейміз.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
	32	Көбелек.	Көріп жаздың қызығын Гүлден-гүлге самғаймын, Гүлдің ерке қызымын Гүлден өзім аумаймын Шаршағанда ырғалып, Гүл үстінде демалам. Қанатымды бір қағып Демде жылдам жоғалам	Қызметті жоспарлауды және бастаған ісін аяғына жеткізуді, өз жұмысында бейнеленетін заттың өзіндік ерекшеліктерін толық беру үшін әр түрлі материалды пайдалануды үйрету. Қолдың ұсақ қимылдарын, ұқыптылық-ты дамыту. Ыждағатты-лыққа тәрбиелеу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
Мамыр	33	Сайқым азақ	Сайқымазақтың түрлі суреттерін көрсетіп, ойын ойнату. Сайқымазақтың көңілді, көңілсіз түрлерін көрсету.	Балалар өз таңдаулары бойынша мүсіндейді. Шиыршықтап шеу, есу және жабыстыру тәсілдерін бекіту.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет

34	Кішкентай кеме.	Жұмбақ	Ермексаз кесінділерінің керек түстерін болшектердің санына қарай болеміз. Болшектерді өз қиялымыздағыдай етіп біріктіреміз.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
35	Мадақтау	Балалардың оқу барысында жасаған , ең жақсы мүсіндеріне мадақталып, өз жолдастарының қошеме-тіне қалады.	Ермексазбен жасалған тәсілдердің бәрін ауызша айтып, қолмен көрсетеді.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет
36	Біздің шеберхана да	Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарына көрме өткізу,ата-аналарының қатысуымен. Қандай керемет мүсіндер жасағандарына куәгер бола алады.	Ата- аналары мен тәрбиешінің мадақтау сөздерінен кейін балабардың мүсіндеуге құлшынысын оята түсу.	Сөйлеу дамыту Қоршаған орта Көркем әдебиет

«Сиқырлы ермексаз» бағдарламасының қысқаша мазмұны:

Бағдарлама мектеп жасына дейінгі ортаңғы топ балаларының негізгі бағдарламадағы «Мүсіндеу» және «Көркем әдебиет» ұйымдастырылған оқу әрекетіне қосымша ретінде қарастырылып отыр. Бағдарламадағы алынған тақырыптар негізгі бағдарламаларды толықтырып отырады. Қазақстан балалар жазушылары шығармалары , өлеңдері мен ертегілері көптеп алынған. Жұмыс жасау барысында балардың берілген тақпақтарды жаттай отырып, мүсінге сол қимылды, не бейнені бере білуге тырысуына көңіл бөлінеді. Шығарманы талдай отырып қолымен жұмыс жасап отырады. Сонымен бірге ұжымдаса отырып жұмыс жасай білуге тоқсан сайын 3 сағаттан бөлініп отырған . Бұл жастағы балалардың жас ерекшелігін ескерер болсақ бұл да бір тәрбиелеу түрінің әдіс-тәсілдерін толықтыру болып табылады. Ортаңғы жас тобындағы балалардың жасына орай мүсіндеу әрекінде үйретілуге тиіс әдіс тәсілдерді қолдану жоспарланған. Балаларға қиын тиетін тұстары да баршылық. Дегенмен, балалар осы тығырықтан шығармашылық жолмен, еңбектене, тырыса отырып. жолдастарымен ақылдаса , біріге отырып шығуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *« Бөбектерге байғазы» - балабақшаға арналған әдеби –хрестоматиялық жинақ.Шартарап, Алматы 2000 ж.*
2. *« Изоброзительное искуство» - Болатбаев Құдайберген Қазимұлы Алматы «Атамұра» 2001*
3. *« У истоков мастерства»-Максимов Юрий Васильевич. Москва. 2003 г.*
4. *Роспись по дереву. Халида Исмайловна Махмутова. Т.С. Комарова. 2007 ж.*
5. *Методика обучение изобразительной деятельности и конструированию. Т.С. Комаровой , Москва , 2001г.*